



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

21.01.2025 ж.

Атырау қаласы

№ 4

қорыс Атырау

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін
2025 жылға арналған
мемлекеттік гранттардың
басым бағыттарының тізбесін
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларының 9-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2025 жылға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Атырау облысының Ішкі саясат басқармасының (бұдан әрі – Басқарма) Жастарды және әлеуметтік бастамаларды қолдау бөлімі бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тізбені Басқарманың интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Басқарманың Жастарды және әлеуметтік бастамаларды қолдау бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма басшысының орынбасары А. Досқалиеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы



Г.Сүйеуова